

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

айырмашылық осы процессте. Табаларда қыздыруды және жаюды бүкіл шырын сығылғанша жасала береді. Ақтық қуыру ашу процессін тоқтатады. Осыдан кейін шайды елеп және сұрыптап қояды. Қытай шайының көптеген түрлері сұрыптары (600 астам) , ерекше жоралғылары және демдеу тәсілдері, шай ішу әдептері бар. Бұл дәстүрлер әлі күнге дейін Қытайда сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Искусство Китая", Н.А. Виноградова, [Изобразительное искусство](#), 1988, 250 стр
2. www.epoha.ru
3. «Срединное государство. Введение в традиционную культуру Китая» [И.А.Алимов](#), [М.Е.Ермаков](#), [А.С.Мартынов](#), «[Муравей](#)», 1998, 288 стр
4. <http://artyx.ru/>

ӘОЖ81'367.627.1=811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Каримова Әйгерім

ai_kerim_ai_gera@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті шетел тілдер теориясы мен практикасы кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Исаев Әбілхан Үкібайұлы

Мөлшер сөздердің болуы - қытай тілі мен сино-тибеттік тілдердің сөз таптары жүйесіндегі ерекшеліктің бірі әрі қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің қиын , маңызды аспектісі. Қытай тілінде 800-ден астам мөлшер сөз бар, оның 200-і жалпы қолданыста болса, ал мезгіл мөлшер сөздердің саны тіптен көп. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің грамматикалық функциялары әр түрлі. Құрама мөлшер сөздер заттың санын білдіреді; универсал мөлшер сөздер заттың пішінін анықтайды: етістікті мөлшер сөздер орындалған іс-әрекеттің санын көрсетсе, мөлшер сөздердің қайталануы жалпылықты білдіреді.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздер мағыналық жағынан әртүрлі және зат есіммен, етістікпен тіркесуі кезінде сипатталады. Олар формасына, стилистикалық реңкке байланысты ажыратылып, өзіндік эстетикалық түрлілікке ие болып келеді.

Кросс-мәдени тілдік қарым-қатынас себебінен шет ел студенттері, әсіресе үнді-еуропа тілде сөйлейтіндері, мөлшер сөздерді меңгеру барысында жиі ана тілінің ықпалында болады. Оның салдары студенттердің мөлшер сөздерді қолданбауы не қате қолдануына алып келеді. Мөлшер сөздер оқыту қытай тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің аспектісінде маңызды орын алады. Егер студенттер мөлшер сөздерді толығымен меңгеріп алса, олар қытай тілінің лексикалық базасын ғана үйреніп қоймай, қытай тілінің мәдени аспектісін де меңгереді.

1.Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің классификациясы.

Қытай тіліндегі 11 сөз табының ішінде мөлшер сөздер сөз табы ретінде кейін қосылған [1,2]. Мөлшер сөздердің классификациясы әрдайым дау тудырғаны мәлім. Кейбір ғалымдар мөлшер сөздерді 2-ге бөлсе, кейбіреулері 3 не 4 түрге жіктейді. Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың объектісі шет ел студенті болса, оның мақсаты шет ел студентіне қытай тілін түсінуге, үйренуге, жетік меңгеруге және оны кез-келген тілдік қарым-қатынас кезінде қолдана алуына көмек беру болып табылады. Осыған орай нақтылық, түсініктілік, жан-жақтылық қағидаттарын ұстанып, оқу материалдарын тандаған дұрыс.

Мөлшер сөздердің классификациясына келсек, біз оларды 2 түрге бөлу деген пікірді жөн деп санаймыз: заттарға арналған мөлшер сөздер (есім мөлшер сөздер) және етістікке арналған мөлшер сөздер. Бұл классификацияның жақсы мысалы ретінде Хэ Цзенің жұмысын атап көрсетуге болады: «Мөлшер сөздердің екі түрі болады: бірі - нақты заттарды санағанда

қолданылатындар, яғни есім мөлшер сөздер, екіншісі – іс-әрекетті санағанда қолданылатындар, етістікті мөлшер сөздер» [2, 20]. Дин Шушэн және басқа да авторлардың пайымдауынша, мөлшер сөздер көбінесе есімдіктер мен сан есімдердің алдында, зат есімдердің алдында тұрады, мысалы: 那匹马- ана ат (ана+ мөлш.с. 匹 (аттарға арналған) + ат), 一只眼- бір көз (бір+мөлш.с. 只+көз) [3, 174]. Мөлшер сөздердің бір түрі аяқталған іс-әрекетті көрсетеді, мысалы: (睡) 一觉- кішкене (ұйықтау), (走) 两趟- екі рет (бару) [4,179]. Бұл екі мөлшер сөздерді жіктеудің критерийлері екі түрлі болса да (біріншісі мағынасына қарай, екіншісі – қызметіне байланысты), практикалық оқыту барысында бұл классификация студенттерге олардың мағынасын ажыратуға және дұрыс қолдана білуге көмектеседі.

Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту бағдарламасында мөлшер сөздерді келесідей екі топқа жіктеу қарастырады: есімді, етістікті. Есімді мөлшер сөздер универсалды (个,位), көлем (杯, 瓶), мөлшер (米, 度), белгісіздік (点儿, 些), бірнеше жай мөлшер сөздерден құралған құрмалас (人次,车次) болып бөлінсе, етістікті мөлшер сөздер қарапайым (次, 遍) деп ажыратылады.

Жоғарыда көрсетілген классификация студенттерге меңгеруге жеңіл әрі білімді игерудің барлық талаптарына сай болып табылады.

2.Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің негізгі функциялары

2.1 Мөлшер сөздер – агглютинативті сөздер; егер олардың алдында сын есім не сілтеу есімдігі болмаса, олар жеке мағынаға ие болмайды.

Мысалы, 个 (дана) мөлшер сөзі жеке тұрып ешбір мағынаға ие бола алмайды, ал 一个 (бір+дана = бір) немесе 这个 (мынау+дана= мына) деген тіркестерде ғана белгілі бір мағынаға ие. 杯(стақан) – зат есім, ол 一杯水 (1 стақан су), 那杯水 (ана стақан су) тіркестерінде ғана өлшем бірлігі не мөлшер сөз бола алады. Сондықтан сан есім мөлшер сөздермен тіркесетін бірден-бір сөз табы болып саналады.

2.2 Кейде мөлшер сөз бен сан есімнің арасына үлкен, кішкентай, толық, ұзын, бүтін, қалың секілді сын есімдерді қоюға болады.

Ең көп қолданыстағылары – үлкен, кішкентай. Мысалы, 一大群人– үлкен топ адам (бір + үлкен+ мөлш.с. топ + адам); 两大杯啤酒– екі үлкен стақан пиво (екі + үлкен + стақан + пиво); 一小包茶– кішкентай шай қорабы (бір + кішкентай+ қорап+ шай); 三小勺盐– үш шай қасық тұз (үш + кішкентай + қасық + тұз); 一满杯水– толық стақан су (бір + толық + стақан + су); 一厚本书– қалың кітап (бір + қалың + мөлш.с. кап + кітап); 一长条绸子– ұзын жібек киығы (бір + ұзын + жолақ +жібек); 一整套房子– бүкіл үй (бір+бүкіл+ мөлш.с. комплект + үй).

Сан есімдер мен мөлшер сөздердің арасында сонымен қатар 多, 来(жоғары), мысалы: 十多天 - он күннен артық, 一百多个 - жүзден аса, 二十来岁- жиырма жылдан аса, 三百来本 - үш жүз данадан артық.

Он мен нөл және мөлшер сөздермен 几 (бірнеше), мысалы: 十几个 - оннан артық (он+ бірнеше + дана),一百零几块 - жүз юаньнан артық (он+ бірнеше+юань).

2.3. Көптеген күрделі мөлшер сөздер қайталанады, бірақ алдындағы сөзбен қолданылмайтын мөлшер сөздер 每 (әр) қайталана алмайды, мысалы: 从, 吨 (тонна), 些 (бірнеше). Күрделі сөздер әдетте қайталанбайды, мысалы, 厘米 (сантиметр), 下几 (раз).

Жиі кездесетін сөздердің қайталануы – АА, мысалы: 个个,棵棵(ағаштарға арналған мөлшер сөз), 杯杯 (стақан), 层层(қабат). Қайталанғанда екінші элемент (А) әрбір деген мағынаны білдіреді 个个: 每一个 (әр бір), 棵棵: 每一棵 (әр ағаш), 杯杯: 每一杯(әр стақан), 层层: 每一层(әр қабат). АА деп қайталанатын сөздермен 个个, 棵棵, 杯杯, 层层 сияқты сан есімдер емес, бір (一) жиі қолданылады.

Кейбір сөздер ААВВ әдісімен қайталанады, мысалы: 点点滴滴 (кішкене), 家家户户 (әр отбасы). Бұл жағдайда сан есімдермен мөлшер сөздер қолданылмайды.

2.4. Әдетте мөлшер сөздер жеке синтаксистік компонент ретінде қолданылмайды (қайталанатын сөздерден басқа). Оларды сұраққа жауап ретінде қолданбайды. Заттың санын білдіретін сөздер сөйлемде анықтауыш рөлін атқарады, мысалы: 看见五个学生(көру + бес + мөлшер сөз + оқушы- бес оқушыны көру), 想买这本书(қалау + сатып алу + мынау + мөлшер сөз + кітап - мына кітапты сатып алғысы келу).

Етістіктің мөлшерін білдіретін сөздер әдетте сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады, мысалы, 去了两趟中国 (бару + аяқталған етістікті білдіретін шылау + мөлшер сөз екі рет + Қытай - екі рет Қытайға барып келді), 吃了一顿反(тамақтану + аяқталған етістікті білдіретін шылау + бір+ мөлшер сөз тағамға арналған + тағам - екі рет тамақтану).

3. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің семантикалық комбинациясы

Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің арасында айтарлықтай семантикалық айырмашылықтар бар; мөлшер сөздердің етістік пен зат есіммен комбинациясы да өте ерекше. *Бір-бірнеше* және *бірнеше-бір* комбинациясы кең таралған.

3.1. Мөлшер сөздердің үлкен көлемі айтарлықтай семантикалық айырмашылықтарды да анықтайды, мысалы: 一个人(бір адам), 一群人(бір топ адам); 一支笔(бір қарандаш), 一盒笔(бір қорап қарандаш). Бұл жерде әр түрлі мөлшер сөз заттардың әр түрлі санын білдіреді. 一块肉(бір кесек ет), 一片肉(бір тілім ет); 一壶水(бір шәйнек су), 一桶水(бір шелек су). Бұл жерде әр түрлі мөлшер сөз заттардың әр түрлі көлемін білдіреді. 一张报纸(бір газет беті), 一份报纸(бір дана газет); 一顿饭(бір тамақ), 一桌饭(тамақ толған үстел). Бұл жерде әр түрлі мөлшер сөз әр түрлі шекті, кеңістіктік шекараны білдіреді. 一个工人(бір жұмысшы, *бір* деген бейтарап мөлшер сөз), 一位工人(бір жұмысшы(сыйлы адамға)), 一名工人(бір жұмысшы, *есім* деген мөлшер сөз). Бұл жерде әр түрлі мөлшер сөзде әр түрлі эмоционалды мәнер бар. 看了一次(қарау), 看了一遍(бір рет қарау); 打一下(бір рет ұру), 打一顿(соғып тастау). Бұл жерде әр түрлі мөлшер сөздер істің көрінуінің әр түрлі деңгейін білдіреді.

3.2. *Бір-бірнеше* мен етістік, зат есімнің мүмкін болатын комбинациялары. Мысал келтірейік:

张(тегіс заттарға арналған мөлшер сөз): 一张桌子(бір үстел), 一张报纸(газеттің бір беті), 一张嘴(бір ауыз), 一张脸(бір бет), 一张琴(бір цитра).

把 (байлам, уыс): 一把剪子(бір жұп қайшы), 一把梳子(бір тарақ), 一把伞(бір қолшатыр), 一把吉他(бір гитара), 一把盐(бір уыс тұз).

件(дана, зат): 一件衣服(бір костюм), 一件家具(бір жиһаз), 一件行李(бір жүк), 一件案子(бір іс(заң)).

次 (рет): 去一次(бір рет бару), 听一次(бір рет тыңдау), 看一次(бір рет көру), 帮一次(бір рет көмектесу), 表扬一次(бір рет атап өту).

遍(рет): 读一遍(бір рет оқу), 听一遍(бір рет тыңдау), 写一遍(бір рет жазу), 看一遍(бір рет қарау).

顿 (рет): 吃一顿(бір рет жеу), 打一顿(соғу), 骂一顿(ұрсып тастау), 批评一顿(сын айту).

3.3. *Бірнеше-біреу* мен зат есім, етістіктің мүмкін болатын комбинациялары. Мысалы:

香蕉(банан): 一个香蕉(бір банан), 一把香蕉(банан бұтағы), 一斤香蕉(жарты килограмм банан), 一车香蕉(бір вагон банан).

大米(күріш, жарма): 一粒大米(бір түйір күріш), 一些大米(біраз күріш), 一公斤大米(бір килограмм күріш), 一袋大米(бір қап күріш).

工作(жұмыс): 一个工作(бір жұмыс(жеке)), 一份工作(бір жұмыс), 一项工作(бір жұмыс(түрі)).

看(қарау): 看一下(қарау), 看一次(бір рет қарау), 看一遍(бір рет қарау), 看一眼(көздің қырымен қарау).

抓 (алу(колмен)): 抓一下(ұстап алу), 抓一次(бір рет алу), 抓一把(бір уыс алу), 抓一会(ұстай тұру).

4. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің стилистикалық сипаттамасы

4.1. Қарым-қатынас негізінде қытай тіліндегі сөздер тыңдаушыға нақты образды туғызады, мысалы, 月 ай- . бұл жерде әр түрлі мөлшер сөздердің қолданылуы санын емес, формасын анықтайды. Айдың дискі- 一轮 月 - ай дөңгелекке ұқсайды, 一弯月 имек ай, 一镰 月 орақ ай. Формалардың бұлай өзгеруі объективті қабылдауға байланысты болады, сондықтан бұл жерде келтірілген мысалдар образды сипаттауға ие.

4.2. мөлшер сөздер тек қана заттың мөлшерін білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар айтушының оң және теріс бағасын қамтиды. Субъективтік эмоциялардың бұлай қолданылуы олардың стилистикалық сипаттамасын білдіреді. Мысалы, анаға, ұстазға және басқа да беделді адамдарға 一位 老师 бір мұғалім (мөлшер сөз адам). Жағымсыз адамдарға жиі 一伙流氓(бір топ хулиган - мөлшер сөз топ), 一伙 强盗(бір топ тонаушы - мөлшер сөз топ).

4.3. Қарым-қатынастың мақсатына байланысты қарым-қатынасатын әр түрлі түрлері болады, сондықтан мөлшер сөздерді қолдану барысында оларды барынша ойланып қолданған жөн (мөлшер сөздердің семантикасын білдіру). Мысалы, 一弯新月 - жаңа туған ай, жаңа гүлдердің букеті 一簇鲜花, кешкі күн - 一抹太阳. Бұл жерде мөлшер сөздер 弯, 簇 - букет, 抹 - бұлттарға арналған мөлшер сөз әдеби сипатқа ие болып тұр.

Қорытынды

Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту барысында мөлшер сөздерді қолдану дағдысы оларды терең меңгеру процесі кезінде қалыптасады. Оқытудың бастапқы кезеңінде мөлшер сөздерді семантикалық талдау оқушыларға сан есім + мөлшер сөз + зат есім және етістік + сан есім + мөлшер сөз секілді негізі құрылыстарды игеруге, күнделікті жиі қолданыстағы мөлшер сөздерді, өлшем мен салмақ мағынасындағы, жинақтаушы, іс-әрекеттерді санауға арналған мөлшер сөздерді үйренуге септігін тигізеді. Бұл кезеңде студенттерге мөлшер сөздердің семантикалық комбинациялар ережесін түсінуге (бір-бірнеше және бірнеше-бір), мөлшер сөздер қорын байытуға, кездесетін конструкцияларды таныстыруға жағдай жасау керек. Осыған орай, тілдегі жасырын мәдени құрама біртіндеп негізгі буынға айнала бастайды. Мөлшер сөздердің стилистикалық функциясымен танысу болу студенттерге қытай тілін тереңірек әрі жетік меңгеруге, тілді жоғары дәрежеде игеруге көмек беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хы Джие. Исследование счетных слов современного китайского языка. Пекин, 2011, 343 с.
2. Джань ЖиГунь. Грамматика и обучение грамматике. Пекин, 1957, 324с.
3. Динь Шу Шэнь. Лекции по грамматике современного китайского языка. Шанхай, 1992, 228 с.
4. Лю ЦзиПинь. Словарь счетных слов китайского языка. Внутренняя Монголия, 1996, 383с.

ӘОЖ 1(091) (510)

КОҢ ЗЫНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Көшен Гүлім Асламбекқызы

gulim7@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қытай филологиясы 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жылқыбекұлы.Б